

SINCE 1993



F3800X
5.1 колонкалар


Сақтық шаралары 1

- Құрылғыны шаң мен ылғалдан қорғаңыз. Құрылғыны су көздеріне жақын орналастырмаңыз.
- Құрылғыны қыздыру элементтеріне және қатты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Электр тогының соғуына жол бермеу үшін құрылғының корпусын өз бетіңізбен бөлшектемеңіз немесе ашпаңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Сұйықтық немесе бөгде заттар құрылғы корпусына түскен жағдайда оны желіден дереу ажыратыңыз және қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Егер құрылғының жұмысында істен шығулар болса, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Пайдаланғаннан кейін әрқашан құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Желдеткіш саңылаулардың бұғатталуына жол бермеңіз. Ауаның кедергісіз айналымы үшін құрылғыны қабырғаға немесе басқа объектілерге жақын қоймаңыз (кем дегенде 20 мм қалдырыңыз).

Құрылғының тағайындалуы


Бұл құрылғы музыка ойнатуға, ойындарды, фильмдерді және басқаларды дыбыстауға арналған

Толымдалуы




- 1 Колонкалар 5.1 Fenda F3800X
- 2 RCA-RCA көбілі (3 дана)
- 3 AUX-RCA көбілі
- 4 ҚБ пульті
- 5 Пайдаланушы нұсқаулығы

Басқару панелінің батырмалары 2



- 1 **Power** құрылғыны қосу/сөндіру
- 2 **Sound**: 2.1 (стерео үшін) және 5.1 (көлемді дыбыс үшін) арналар арасында ауыстырып қосу үшін басыңыз
- 3 **Volume** дыбысты азайту
- 4 **Track** алдыңғы трек/станция
 А) USB режимінде: бір рет басу – дыбысты азайту; басып, ұстап тұрыңыз – алдыңғы трек.
 Б) FM режимінде: бір рет басу – дыбысты азайту; басып, ұстап тұрыңыз – алдыңғы сақталған радиостанция (дисплей бір рет жыпылықтайды). Бірінші сақталған радиостанцияға жеткен кезде, осы батырмаға бассаңыз әсері болмайды (басқан кезде дисплей жанады, жыпылықтамайды).
 В) Bluetooth режимінде: алдыңғы трек.
- 5 **Play/Pause/Scan** ойнату/пауза/радиостанцияларды автоіздеу/Bluetooth бойынша түйіндесу
 А) USB режимінде: ойнату/пауза.
 Б) FM режимінде: радиостанцияларды автоматты іздеуді іске қосу (анықталған радиостанциялар құрылғы жадында автоматты сақталады).
 В) Bluetooth режимінде: бір рет басу – ойнату/пауза; басып, ұстап тұрыңыз – Bluetooth бойынша түйіндесу режиміне өту (дисплей жылдам жыпылықтай бастайды).
- 6 **Source** әртүрлі сигнал көзінің арасында ауыстырып қосылу үшін басыңыз (BT, DVD, AUX, USB, FM), дисплейде ағымдағы сигнал көзі көрсетіледі
- 7 **Mute** дыбысты қатайту
- 8 **Next** келесі трек/станция
 А) USB режимінде: бір рет басу – келесі трек; басып, ұстап тұрыңыз – келесі папка.
 Б) FM режимінде: бір рет басу – дыбысты қатайту; басып, ұстап тұрыңыз – келесі сақталған радиостанция (дисплей бір рет жыпылықтайды). Бірінші сақталған радиостанцияға жеткен кезде, осы батырмаға бассаңыз әсері болмайды (басқан кезде дисплей жанады, жыпылықтамайды).
 В) Bluetooth режимінде: келесі трек.

ҚБ пульті 3



ҚБ пульті 4

- 1 **Power** құрылғыны қосу/сөндіру
- 2 **Source**: сигнал көзін ауыстырып қосу (Bluetooth, DVD, AUX, USB, FM)
- 3 **Play/Pause** Бір рет басу – Bluetooth режиміне өту, түйіндесу режиміне өту үшін басып ұстап тұрыңыз (дисплей жылдам жыпылықтай бастайды)
- 4 **Tune+** радионы қолмен баптау.
 А) Бір рет басу: 100 кГц-ке ұлғайту. Дисплей бір рет жыпылықтайды. Ең жоғарғы жиілікке жеткеннен кейін дисплей батырманы басқан кезде жыпылықтауды тоқтатады.
 Б) Сканерлеуді іске қосу үшін басып ұстап тұрыңыз. Құрылғы радиостанцияны байқаған кезде сканерлеу тоқтатылады
- 5 **Volume** Дыбысты азайту
- 6 **Tune-** радионы қолмен баптау.
 А) Бір рет басу: 100 кГц-ке азайту. Дисплей бір рет жыпылықтайды. Ең жоғарғы жиілікке жеткеннен кейін дисплей батырманы басқан кезде жыпылықтауды тоқтатады.
 Б) Сканерлеуді іске қосу үшін басып ұстап тұрыңыз. Құрылғы радиостанцияны байқаған кезде сканерлеу тоқтатылады
- 7 **Scan**: радио режимінде радиостанцияларды авто іздеуді іске қосу үшін басыңыз (радиостанциялар автоматты сақталады).
- 8 **Play/Pause** Ойнату/пауза (USB, Bluetooth режимдерінде)
- 9 **Track** алдыңғы трек/станция
 А) USB режимінде: бір рет басу – дыбысты азайту; басып, ұстап тұрыңыз – алдыңғы трек.
 Б) FM режимінде: бір рет басу – дыбысты азайту; басып, ұстап тұрыңыз – алдыңғы сақталған радиостанция (дисплей бір рет жыпылықтайды). Бірінші сақталған радиостанцияға жеткен кезде, осы батырмаға бассаңыз әсері болмайды (басқан кезде дисплей жанады, жыпылықтамайды).
 В) Bluetooth режимінде: бір рет басу – дыбысты азайту; басып, ұстап тұрыңыз – алдыңғы трек.
- 10 **Center+** орталық сателлиттің дыбысын қатайту
- 11 **Front+** фронтальды сателлиттің дыбысын қатайту
- 12 **Front-** фронтальды сателлиттің дыбысын азайту
- 13 **Center-** орталық сателлиттің дыбысын азайту
- 14 **SW-** сабвуфер дыбысын азайту.
- 15 **Mute** дыбысты сөндіру
- 16 **SOUND**: 2.1 (стерео үшін) және 5.1 (көлемді дыбыс үшін) арналар арасында ауыстырып қосу үшін басыңыз
- 17 **Light/Reset** бір рет басу – көмескі жарықты қосу/сөндіру; басып ұстап тұрыңыз ө зауыттық баптауларға дейін өшіру.

ҚБ пульті 5


- 18 **Mute** дыбысты қатайту
- 19 **MEM**: қолмен баптау кезінде анықталған радиоарнаны сақтау үшін осы батырманы басыңыз, дисплей бір рет жыпылықтайды. Сақталған радиостанцияның ең жоғарғы саны – 100.
- 20 **Next** келесі трек/станция
 А) USB режимінде: бір рет басу – дыбысты қатайту; басып, ұстап тұрыңыз – келесі трек.
 Б) FM режимінде: бір рет басу – дыбысты қатайту; басып, ұстап тұрыңыз – келесі сақталған радиостанция (дисплей бір рет жыпылықтайды). Бірінші сақталған радиостанцияға жеткен кезде, осы батырмаға бассаңыз әсері болмайды (басқан кезде дисплей жанады, жыпылықтамайды).
 В) Bluetooth режимінде: бір рет басу – дыбысты қатайту; басып, ұстап тұрыңыз – келесі трек.
- 21 **Rear+**: артқы сателлит дыбысын қатайту
- 22 **Rear-**: артқы сателлит дыбысын қатайту
- 23 **SW+**: сабвуфер дыбысын қатайту
- 24 **0-9**:
 А) USB режимінде: белгілі бір жолға өту үшін цифрлық батырмаларды басыңыз. Егер енгізілген сан жолдар санынан асып кетсе, құрылғы папкадағы соңғы жолды ойната бастайды.
 Б) FM режимінде: егер радиостанция нөмірін білсеңіз, цифрлық батырмалармен (1-ден 100-ге дейін) радиостанция нөмірін енгізіңіз немесе қажетті жиілікке өту үшін 3-4 санды енгізіңіз. Мысалы, 102.6 МГц жиілігіне өту үшін 1026 енгізіңіз.
- 25 **Enter**: таңдауды/баптауларды растау

«SOUND» функциясы

1. AUX стерео кірісі арқылы қосылған кезде 5.1 арнасын 2.1 арнасына конвертациялау үшін ҚБ пультінде «SOUND» батырмасын басыңыз.
2. Көп арналы дыбыстау әсеріне қолжеткізу үшін 5.1 DVD шығыс аудио көбілдерін (5.1) F5060X тиісті порттарына қосыңыз, содан кейін «SOUND» басыңыз.

Қосымша ақпарат 6

Өндіруші: Шэньчжэнь Фэньда Тэкнолоджи Ко., Лтд. Фэньда жоғары технологиялар паркі, Чжоучжи тас жолы, Шиянь, Баоань, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.
 Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, з/д. 12, Казахстан. Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.
 Қытайда жасалған.
 Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:
 • КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
 • КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».
 Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.
 Сериялық нөмірінің шифрын ашу






Bluetooth арқылы түйіндесу 6

Bluetooth режиміне өткен кезде F3800X құрылғысы қолжетімді Bluetooth құрылғыларын автоматты түрде іздейді.


Бұдан бұрын қосылған құрылғы анықталған кезде түйіндесу автоматты түрде жүзеге асырылады, егер мұндай құрылғы анықталмаса — F3800X түйіндесуді күту режиміне өтеді, ал құрылғының жарық индикаторы тез жыпылықтай бастайды.

- Мобильді құрылғыда Bluetooth активациялаңыз, қолжетімді қосылымдар тізімінен "F3800X" таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Егер құрылғы қосылу үшін кодты сұраса, "0000" енгізіңіз

Қосылу схемасы



Құрылғының артқы панелінің схемасы 7



1. AUX стерео кірісі.
2. Фронтальды сателлиттерге арналған кіріс (DVD F.R/F.L).
3. Артқы сателлиттерге арналған кіріс (DVD S.R/S.L).
4. Сабуфер/орталық сателлитке арналған кіріс (DVD SW/Center).
5. Оң жақ фронтальды сателлитті шығыс.
6. Сол жақ фронтальды сателлиттің шығысы.
7. Орталық сателлитті шығыс.
8. Оң жақ артқы сателлитті шығыс.
9. Сол жақ артқы сателлитті шығыс.
10. Қуат көзін реттегіш.
11. FM антеннасы.
12. Желілік сым.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: F3800X.
- Шығыс қуаты: 30 Вт + 10 Вт x 5.
- Динамик:
 - А) Сателлиттер: 3".
 - Б) Сабуфер: 5,25".
- Жиілік диапазоны:
 - А) Сателлиттер: 120 Гц — 20 кГц.
 - Б) Сабуфер: 40 Гц — 125 Гц.
- "Сигнал/шу" қатынасы: >70 дБ.
- Арналар арасындағы өтпелі басылу: >40 дБ.
- Қуат параметрлері: 220-240 В-50/60 Гц, 0.32 А.
- Габариттері:
 - А) Сателлиттер: 115x104x176 мм
 - Б) Сабуфер: 193x282x298 мм

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары 8

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушының және тұтынушының жылытылатын орындарында қаптамада 5 °С-ден 40 °С-қа дейінгі ауаның температурасында және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс. Орындарда жегідені тудыратын агрессияшыл қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы мұқият пайдалануды қажет етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорынан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдік міндеттемелер 9

Өндіруші кепілді мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді мерзім бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді қызмет көрсетуге кепілді мерзім ішінде тұтынушының кесірінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мыа мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>
 Кепілдік және пайдалану мерзімі құрылғының қаптамасында көрсетілген.